

Шардара аудандық білім бөлімі
«Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қ.Тұрысбеков а/о

«25» мамыр 2020 ж

Бұйрық № 160(к)

**2020-2021 оқу жылының
басталуын, ұзақтығын және каникул
кезеңдерін айқындау туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабының 14 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 178669 болып тіркелген) бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектепте 2020-2021 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын.

1) 2020-2021 оқу жылының басталуы - 2020 жылғы 1 қыркүйек;

2) Оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда - 34 оқу аптасын құрайды.

Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

3) Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 сыныптарда: күзгі каникул – 10 күн (2020 жылғы 05 қараша-14 қарашаны қоса алғанда),

қысқы – 11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан-2021 жылғы, 10 қаңтар аралығында),

көктемгі - 12 күн (2021 жылғы 20 наурыз- 31 наурыз аралығында);

1 сыныптарда: қосымша каникул - 7 күн мерзімде (2021 жылы 8-14 ақпан аралығында)

2. «Білімді ұрпақ- жарқын болашақ» атты тақырып бойынша сынып сағаттары өткізілсін. жауапкершілігі дтіжо А.Шорабековаға;

3. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі оқу ісі жөніндегі орынбасары Ұ.Алжанбаеваға, Ш.Юсуповаға міндеттелсін.

Мектеп директоры:

Г.Сулейменова.

